

Катай Гульдана Саржанқызы

guldana.katai99@mail.ru

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің
Экономика факультеті, Туризм кафедрасының студенті
Ғылыми жетекшісі – Дулатбекова Ж.А.

Жаһандық даму заманында адамдардың туризмге, оның ішінде, әсіресе ауыл туризміне деген қажеттілігі күн санап артып келе жатыр. Себебі: адам баласы үшін ең қажетті болып табылатын, табиғатпен үндестік, қарапайымдылық, шынайылық, табиғи өнімдер технологиялар мен жасандылықпен алмастырылуда. Осының барлығы ауыл туризмінің мәнінің қаншалықты зор екенін дәлелдейді. Өйткені: ауыл туризмі – адамның табиғаты, жан дүниесі, рухы мұқтаж болған барша қажеттіліктерді қанағаттандырады. Туристердің рухани, физикалық қажеттіліктерін қанағаттандыра отыра, қабылдаушы елді - мекеннің экономикалық - әлеуметтік әл- ауқатын жоғарылату арқылы туризмде ерекше орын алады. Осы пікірлерімнің дәйегі мен дәлелі ретінде төменде ауыл туризміне ғалымдардың берген анықтамалар мен зерттеулерін ұсынамын.

Дүниежүзілік туристік ұйым (UNWTO) ауылдық туризмді негізгі туристік ағындардан және қарқынды туристік қызмет аймақтарынан алыс, ауылдық ортамен және қабылдаушы қоғамдастықпен маңызды және дәлме-дәл негізде туристердің тиісті өзара іс-қимылын қоса алғанда, ауылдық жерлерде тыныш демалысты көздейтін туризм түрі ретінде анықтайды [1].

В.В.Добросельский ғылыми мақаласында, ауыл туризмі (немесе агротуризм) - демалу немесе ауыл шаруашылығы жұмыстарына қатысу мақсатында туристердің ауылдық жерде уақытша болуын болжайтын туризм түрі деп анықтама берген екен. Сонымен қатар, ауыл туризмін кешенді туристік өнімді жасау үшін ауылдық жердің табиғи, мәдени-тарихи және өзге де ресурстарын және оның ерекшелігін пайдалануға бағытталған туристік сала секторы деп айқындайды [2].

Ауыл туризмінің негізгі мақсаты – ауылдық жердегі туристік ресурстарды қолдана отырып, сол аймақтағы халықты жұмыспен қамту арқылы, туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыру. Осылайша, ауыл туризмі жергілікті халықтың экономикалық және әлеуметтік жағдайын жақсартуды көздейді [3].


Ауыл туризмін ауылдық қонақжайлылық туризмі ретінде де анықтама беруге болады. Ауыл туризмі немесе агротуризм - қалалық өмірден , онымен бірге жүретін барлық уайымдардан шаршаған адам, тіпті аз уақыт болса да табиғатта, таза ауада , ауылда лайықты демалуға тырысады. Климаттың саналы өзгеруі туристке қаладан, жұмыс атмосферасынан шынымен "демалуға" және басқа, мүлдем көрінбейтін атмосфераға түсуге мүмкіндік береді. Ауыл туризмін тар және кең мағынада қарастыруға болады. Тар мағынада , бұл әртүрлі іс-шараларды жүзеге асыру, мысалы, спорттық жарыстар, сауықтыру сапарлары және басқа да іс-шаралар арқылы ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға және туристік ұйымдардың мақсатты аудиториясын тартуға бағытталған қызмет ретінде сипатталады. Кең мағынада, бұл аумақтық аспект бойынша экономикалық қызмет секторы, онда экономиканың басқа да бірқатар салалары туризмнің осы түріне бейімделеді. Бұл аймақ экономикасына ауқымды қаражат тарту үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз етеді.

Ауыл туризмін дамыту арқылы ауылдық елді - мекендердің жағдайын, инфрақұрылымын жақсартуға, жұмыссыздықты жоюға, урбандалу деңгейін қалыпты деңгейде ұстап тұруға, ауыл мен қала мәдениетінің сабақтасып, үзілмеуіне оң әсерін тигізеді.

Қазақстанда ауыл туризмін қалыптастыруға бірден – бір себеп, еліміздегі ішкі туризмді дамыту мәселесі. Қазақстан Республикасының Ұлттық Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2018 жылы 10 646 200 - ге жуық адам шығу туризмін тандаса, 5 864 700 адам ішкі туризммен шұғылданған екен. Осы ақпаратқа негізінде ішкі туризм деңгейі шығу туризмінен

45 % -ға төмен екенін көріп отырмыз[4]. Бұл қазақстандықтардың басым көпшілігі демалыс пен саяхат үшін өзге елдерді таңдайтынындығының көрсеткіші болып отыр. Жыл сайын отандастырымыздың шетелге демалысқа кетуі туристік импорт көлемінің артуымен, яғни қаражаттың сыртқа ағылуымен сипатталады. Ал бұл өз кезегінде еліміздің әлемдік саяхат және туризмдегі бәсекеге қабілеттілік индексінің жалпы рейтингі бойынша 80 – ші орыннан аса алмай, артта қалуымыздың бірден бір себебі болып табылады [5]. Осылайша, Қазақстан туризміндегі қазіргі таңдағы ең өзекті, маңызды мәселенің бірі - ішкі туризм деңгейінің төмен көрсеткішін ауыл туризмі арқылы жоғарылату болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы ауыл туризмінің қазіргі кездегі жағдайын мен ауыл туризмін қалыптастыру мүмкіндіктері мен әлеуетін еліміздегі ауыл шаруашылығының жағдайын қарастырып, зерттеу арқылы білуге болады. Ең бірінші кезекте ауыл туризмінде туристер үшін ең тартымды болып табылатын фермалардың саны мен жағдайын қарастырдық. Ұлттық Статистика комитетінің мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасында 2019 жылы белсенді шаруа (ферма) қожалықтарының саны – 213 457 –ге тең екен. Бұл көрсеткіш ауыл туризмін дамыту үшін жақсы көрсеткіш. Мысалы: Италияда 2017 жылы 23 406 агротуризм-фермалары, ал Қазақстанда 177 844 шаруа қожалығы тіркелген . Бұл 2017 жылы Қазақстандағы фермалар саны Италия фермаларынан 86% - ға көп екендігін көрсетеді. Әлбетте, ескеретін бір жағдай бар. Ол Италиядағы фермалардың шаруашылығымен қоса, агротуризмге бағытталып, туристерді қабылдай алатын , тіркелген фермалар, яғни агротуризм фермалары. Ал Қазақстандық статистикада жалпы барлық фермалардың саны көрсетілген. Саны көп болғанымен сапасы төмен. Бірақ, біздің фермалардың санының көптігінен де бір артықшылығы бар. Сол фермаларды туристер қабылдай алатын жағдайға жеткізуге болады.



Ескертпе – мәліметтер [4] негізінде автормен құрастырылған.

Сурет 1 . 2016 – 2019 жылдары аралығындағы ҚР белсенді шаруа немесе ферма қожалықтарының саны

Кесте 1

Қазақстан Республикасы шаруашылықтарының барлық санаттарындағы мал саны 1 қаңтарға (жыл басына), мың бас

Жыл	Ірі қара мал	Қой мен ешкі	Шошқа	Жылқы	Түйе	Құс, млн бас
2017	6 247,2	17 947,1	831,1	2 113,2	172,5	37,8
2018	6 764,2	18 329,0	815,1	2 415,7	193,1	39,9
2019	7 150,9	18 699,1	798,7	2 646,5	207,6	44,3
2020	7 436,4	19 155,7	813,3	2 852,3	216,4	45,0
2021	7 848,5	20 041,9	819,8	3 118,2	227,2	43,1

Ескертпе – [4] ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған

Кестеде көрсетілген мәліметтерді негізге ала отырып, Қазақстанда жыл санап мал шаруашылығының қарқыны артып келе жатыр деп толық сеніммен айта аламыз. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша, 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шаруашылықтардың барлық санаттарындағы ірі қара мал басы 2017 жылдың басымен салыстырғанда 20 % – ға артқан. Тиісінше, жылқы басы 32% – ға, түйе – 25 % - ға және қой мен ешкі - 10% - ға , құс- 12% - ға өскен. 2020 жылдың басында тек қана шошқа басы 2017 жылдың басымен салыстырғанда 1,3% - ға қысқарып, 819,8 мың басты құраған.

Республиканың солтүстік өңірлерінде - шошқа шаруашылығы және сүтті мал шаруашылығы, оңтүстік өңірлерінде - етті мал шаруашылығы, қой шаруашылығы, жылқы және түйе шаруашылығы, батыс және шығыс өңірлерінде етті мал шаруашылығы мен жылқы шаруашылығы басым. Құс шаруашылығы барлық өңірлер бойынша біркелкі бөлінген. Шөл және шөлейт аймақтар үшін қой шаруашылығы, жылқы шаруашылығы және түйе шаруашылығы ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі түрлері болып табылады. Табиғи жайылымдардың үлкен массивтері бар ҚР жылқы шаруашылығы да дәстүрлі болғандықтан, Қазақстанның барлық аймақтарында қолға алынған. Түйе шаруашылығы негізі Атырау, Маңғыстау, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында дамыған. Шығыс Қазақстан облысында марал өсірумен де айналысады. Олар жыл сайын шамамен сегіз тонна құрғақ мүйізді шығарады. Бұдан басқа, маралдар күдері өндіру үшін пайдаланылатын тамаша былғары шикізатын береді.

Қазақстанда ауыл туризмін қалыптастыру үшін бірнеше қадамнан тұратын алгоритм ұсынып отырмыз. Бірінші қадам – «Ауыл 4.0» ауыл халқының өмір сүру сапасының стандартына қол жеткізу. Бұл дегеніміз - ауылдық инфрақұрылымды жақсарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, шаруа қожалықтарының саны мен сапасын бірге арттыру, агроөнеркәсіптік фабрикалар ашу сынды іс - шараларды қамтиды. «Ауыл 4.0» өмір сапасы стандарты жайында елімізде 2018 жылы қабылданған «Ауыл – Ел бесігі» жобасында кеңінен түсіндірілген. Қысқаша мазмұны, әлеуметтік, инженерлік, экономикалық, жұмыспен қамту, өмір сүру қауіпсіздігі, экология мен энергетика атты 6 блокта ауыл халқының өмір сүру деңгейі жоғары болуы үшін қажетті жағдайлар мен көрсеткіштер берілген. Егер әр блоктағы талаптар орындалатын болса, онда ауыл халқы «Ауыл 4.0» стандартына сай өмір сүріп жатыр дегенді білдіреді. Бұл стандартқа жету ауыл халқының барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілгендігінің, озық мемлекеттердің ауылдарымен терезесі тең болған өмір сүру деңгейіне жеткендігінің дәлелі болады. Ал экономикалық – әлеуметтік жағдайы жақсы болған ауылдарда ауыл туризмін қалыптастырып, дамыту ешқандай қиындық тудырмайды. ҚР Үкіметі бұл стандартқа қол жеткізу үшін «Ауыл – Ел бесігі» атты мемлекеттік жобасын қолға алды. Жобаны іске қосу үшін 2019 - 2021 жылдарына республикалық бюджеттен 90 млрд теңге қаржы бөлді [6]. Осындай мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларды тиімді қолдану елімізде ауыл туризмін дамытуға үлкен мүмкіндік болып отыр.



Ескертпе –мәліметтер [6] негізінде автормен құрастырылған.

Сурет 2 . Қазақстанда ауыл туризмін қалыптастыру мен дамытудың алгоритмі.

Қазақстанда агротуризмді қалыптастыру үшін қажет екінші қадам "Made in Qazaq Auyl" жобасын жасау. Бұл жоба ауылдарда кішігірім ұлттық тағамдар, киімдер, құрал –саймандар өндіретін кәсіпорындарды ашып, сол жерлерге туристерге экскурсия жасау. Ауылда өндіріспен айналысатын шаруа қожалықтары біріншіден, халықты табиғи, отандық, дайын өнімдермен қамтамасыз етіп, жаңа жұмыс орындарын ашады. Екіншіден, ерекше, қарапайым өндіріс орындарына туристерді қабылдап, пайда табуға болады. Бұл ойдан шығарылған, айдан әкелінген жаңалық емес. Шетелдік тәжірибе ауыл туризмін дамытуда бұны Еуропа елдері кеңінен қолданып келе жатыр. Франциялық фермерлер ауылдың бақтарында жүзім өсіріп, сол жерде шарап жасау ісін туристерді қабылдау ісімен сабақтастырып, жүргізіп жатады. Францияға сол шараптардың дәмін татып, оның қалай жасалатынын көру үшін толассыз, миллиондаған туристер келеді. Ал Италияның ірімшік жасайтын фермаларына саяхаттап, пицца мен пастадан ауыз тиіп қана қоймай, қапшық- қапшық қылып ірімшік пен шарап сатып алатын туристер саны өте көп. Не себепті бұл ауылдық жерлерге туристік сұраныс көп деген заңды сұрақ туындайды. Себебі: жаһандық даму, жасандылық заманында табиғи, органикалық өнімдер мен қолөнер өте жоғары бағалануда. Осы шетелдік тәжірибені негізге ала отырып, қоғамдағы сұранысты ескере отырып, елімізде де ауыл туризмін дамытуға болады.

"Made in Qazaq Auyl" жобасы аясында Қазақстан ауылдарында:

- ✓ Саумал, қымыз өндірісі;
- ✓ Шұбат, балқаймақ өндірісі;
- ✓ Сиыр сүтінің өнімдерін жасау (сүт, қаймақ, май, құрт, ірімшік);
- ✓ Ұлттық аспаптар жасайтын шеберханалар (домбыра, қобыз, жетіген);
- ✓ Теріден, былғарыдан бұйымдар өндірісі (ыдыс – аяқ, аяқ киім);
- ✓ Ұлттық нақыштағы киімдер тігінханасы (шапан, қамзол, тақия, сәукеле)
- ✓ Ағаш шеберханалары (күбі, ағаш табақтар, қасықтар, алтыбақан);

сынды дайын өнімдер жасайтын шағын кәсіпорындар ашылуы керек. Себебі: ұлттық ерекшелігімізді көрсететін, салт – дәстүрімізді таныстыратын, өзге халықтардан айырмашылығымызды сипаттайтын өнімдер, бұйымдар туристер үшін тансық, қызық. Ал инновацияларға толған мемлекеттердегі саяхаттардан кейін, туристер үшін біздің жаңадан бой көтерген, біз үшін мақтаныш есептеліп жүрген мегаполистеріміз тартымды емес. Шетелдік туристер бір елге саяхаттағанда оның тілін, ділін, тарихын, ұлттық құндылықтарын, ұлттық тағамдарын, салт- дәстүрін, қарапайым халқын танып - біліп, көруге ұмтылады. Мысалы: Еуропадан келетін бір турист Қазақстанға келгенде пицца,сушимен тамақтанып, еуропалық стильдегі бесжұлдызды қонақүйде орналасуды мақсат тұтпайтыны анық. Себебі: мұның барлығын әлемнің қай түпкіріне барсаңда табуға болады. Ал кең жайлауда қымыз бен жал – жая, құрт пен женттің дәмін татып, көкпар ойынын тамашалап, домбырамен терме тыңдау тек қазақ жерінде ғана мүмкін. Осы ерекшелігімізді мықтап ұстап, насихаттап, өз пайдамызға қолдана білуіміз керек. "Made in Qazaq Auyl" ауылдарымыздың өндірісті дамытып ғана қоймай, ауыл туризмі үшін жаңа туристік дестинациялар, бағыттар ашады. «Made in China» әлемге Қытайды қалай танытса, "Made in Qazaq Auyl" да туризм саласында Қазақстанды әлемге таныта алатынына сенім мол.

Үшінші қадам - ауыл туризмінің Қазақстандық моделін жасау. Бұл алгоритмнің алғашқы екі қадамына тікелей байланысты. "Made in Qazaq Auyl" жобасы іске асатын болса, онда Қазақстандық ауыл туризмін моделін жасау ешқандай қиындық тудырмайды. Қазақстандық модель еуропалық модельдердің тәжірибесіне сүйеніп жасалатын болады. Халықаралық ауыл туризмінде кең таралған WWOOF бағдарламасын қолдану. Бағдарламаның ағылшын тіліндегі толық атауы - World Wide Opportunities on Organic Farms немесе екінші атауы Willing Workers on organic Farms. Қазақша аударатын болсақ, органикалық фермалардағы дүниежүзілік мүмкіндіктер және екінші атауының аудармасы органикалық фермалардағы ерікті жұмысшылар. WWOOF — туризмді ауыл шаруашылығындағы жұмыспен үйлестіруге мүмкіндік беретін халықаралық агротуризм бағдарламаларының жиынтығы болып

табылады [7]. Осы бағдарламаны толық бір жүйеге енгізіп, Қазақстандық агрофермалар мен "Made in Qazaq Auyl" өндірістік орындарына туристерді тартуға мүмкіндіктер болады. Бағдарлама аясында турлар мен экскурсиялар ұйымдастыруға болады.

Қорытындылайтын болсақ, Қазақстан Республикасында ауыл туризмін қалыптастыру мен дамыту үшін туристік әлеует пен көптеген мүмкіндіктер, жолдар бар. Солардың ішіндегі ең тиімдісін таңдап, шынымен жүзеге асыруға ҚР Мәдениет және Спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті мен «Kazakh Tourism» ұлттық компанияларының қолдауымен қолға алынуы керек.

Қазақстанда ауыл туризмін дамыту COVID - 19 сынды пандемияның қиын заманында да еліміздегі туристік индустрияның құлдырамай, өркендеуіне себеп болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Rural Tourism - A Solution for Employment, Local Development and Environment // UNWTO [Электронды ресурс]. - Кіру тәртібі: <https://www.e-unwto.org/doi/epdf/10.18111/9789284402182>
2. Владимир Владимирович Добросельский. Аграрный туризм: виды и структура (рус.) // Научно-практический журнал. — 2015. [Электронды қор] - Кіру тәртібі: <http://apej.ru/article/4-2>.
3. Филимонова, И. Ю. Перспективы развития сельского туризма в Оренбургской области [Электронный ресурс] / Филимонова И. Ю., Попова О. Б. // Университетский комплекс как региональный центр образования, науки и культуры : материалы Всерос. науч.-метод. конф. (с междунар. участием), 4-6 февр. 2015 г., Оренбург / М-во образования и науки Рос. Федерации, Федер. гос. бюджет. образоват. учреждение высш. проф. образования "Оренбургский. гос. ун-т". - Электрон. дан. - Оренбург, 2015. - . - С. 814-821. . [Электронды қор]. - Кіру тәртібі: <http://elib.osu.ru/handle/123456789/1285>
4. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты. [Электронды ресурс]. - Кіру тәртібі: <https://www.stat.gov.kz/official/industry/22/statistic/7>
5. Дүниежүзілік экономикалық форумының ресми сайты [Электронды ресурс]. - Кіру тәртібі: <https://www.weforum.org/reports/the-travel-tourism-competitiveness-report-2019>
6. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық сайты [Электронды ресурс.] - Кіру тәртібі: <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/auyl-el-besg-jobasy-auyl-tyrndaryny-mr-sru-sapasy-men-l-auatyn-jasartu-alai-jzege-asyrylady>
7. Дүниежүзілік органикалық фермалардағы мүмкіндіктер бағдарламасының ресми сайты [Электронды ресурс]. - Кіру тәртібі: <https://wwwoof.net/>
ӘОЖ 338.48

ӘОЖ 338.483

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ ЖӘНЕ ТУРИЗМДЕГІ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Кульмаганбетова Айгерим Бекетовна
kulmaganbetova.ab@gmail.com

Экономика факультетінің 1 курс магистранты
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент м.а. Ағыбетова Рина Есимовна

Туризм - бұл дүниежүзілік деңгейде COVID-19 пандемиясынан ең көп зардап шеккен салалардың бірі. 2019 жылғы мәліметтерге сәйкес, туризм әлемдік сауданың 7%-ын, әлемдегі әрбір оныншы адамның жұмыспен қамтылуын және өзара байланысты салалардың күрделі жүйесін қамтамасыз етеді. Шекаралардың жабылуына, қонақ үйлердің жұмысының тоқтатылуына және әуе тасымалының күрт төмендеуіне байланысты халықаралық туристік ағындар 2021 жылдың қаңтар айына берілген мәліметке сәйкес 87%-ға төмендеді. Бұл 100